← Жалғасы 3-бетте

# Тамыры терең, тағдыры киелі жыңғылды!

«Қылқаламдағы киелі мекен» атты суретшілер байқауында жеңімпаз анықталмағанымен, қатысушылардың еңбегі жоғары бағаланып, барлығына алғыс хат пен қаржылай сыйлық табыс етілді.



Ақындар мен шеберлер сайысының қызығы басылмай жатып, алаң төрінде дүбірлі бәйге басталды. Желмен жарысқан тұлпарлар дүбірі мен шаң арасынан көтерілген айғай-сүрен жұрттың делебесін қоздырды. Қалың ел көк майсаға толассыз ағылып, жүйріктердің шабысына сүйсіне қол соқты.

21 шақырымдық ошақ бәйгеге өңірдің әр қиырынан атбегілер мен шабандоздар жиналды. Бұл додада Мұнайлы ауданынан келген Қосшы Достановтың «Қарлығаш» атты тұлпары мәре сызығын бірінші болып кесті. Екінші орынды Жыңғылды ауылынан қатысқан Ерназар Жантоқтың «Таңшолпан» атты жүйрігі еншіледі. Ал үшінші орын Түпқараған ауданы, С. Шапағатов ауылынан келген Хамза Бимырзаевтың «Аққәусәр» тұлпарына бұйырды. Төртінші орынға Жаңаөзен қаласынан келген Мырзакелдінің «Волчогы», бесінші орынға Ақшұқыр ауылынан Нұраддиннің «Көгершіні» жайғасты.



Тай бәйге де тартысқа толы болды. Бұл додада жаңаөзендік Нұрасылдың «Нұршуақ» атты тұлпары өзгелерден оқ бойы озып шығып, басты жүлде — мотоциклді иеленді. Екінші орын — шетпелік Темірбаевтар әулетінің «Жұлдыз» атты жүйрігіне, үшінші орын — жаңаөзендік Азамат Бекеевтің «Тайфунына» берілді. Төртінші орынды Асылбектің «Торы төбелі», бесінші орынды шетпелік Сәрсенбектің «Нұрсұлу» атты тұлпары иеленді.

Ең қызу сәт — 40 шақырымдық аламан бәйге көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Бұл бәйгеде жаңаөзендік Ермұхановтар әулетінің «Жұлдыз» атты сәйгүлігі мәреге бірінші жетіп, бас жүлде — автокөлікті жеңіп алды. Екінші орын — Жылой ауданынан келген Асхат Дәрішовтың «Назқоңыр» атына, үшінші орын — жыңғылдылық Сұлтан Қалдыбаевтың «Дауылпазына» бұйырды. Төртінші орын — Мұнайлы ауданынан қатысқан Әмин Амандықтың «Мамлюк» атты тұлпарына беріліп, шабандоз иесіне мотоцикл табысталды. Ал бесінші орын Сам ауылынан келген «Загар» атына тиесілі болды. Топ тарқатар сайысында жыңғылдылық Жұбановтар әулетінің «Сингапур» атты жүйрігі озып шығып, ерекше қошеметке бөленді. Жеңімпаздарға ақшалай және бағалы сыйлықтармен қатар естелік марапаттар табыс етілді.

Бәйгенің дүбірі басылмай жатып, алаңның екінші жағында спорттық сайыстар қызып жатты. Жастар мен ересектер арасында қол күрес, гір көтеру, арқан тарту ойындары ұйымдастырылды.

Әсіресе, гір көтеру мен қол күрес сайыстары көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әр қатысушы өз күшін сынап, ауылдың намысы үшін бел шешіп шықты. Күн бұлттанып, жаңбыр сіркіреп тұрса да, ауыл жастарының жігері қайтқан жоқ. Көрермендер жауын астында шаттықпен ауыл тойының думанын одан әрі қыздыра түсті.

Сайыс қорытындысы бойынша ерлер арасындағы күресте 70 келі салмақта Ақтаудан келген Айбек Сайлаубаев, 90 келі салмақта Жыңғылдының өз балуаны Жалғас Қаспаев жеңімпаз атанды. Өгіз көтеруден Ерлан Алланбаев үздік нәтиже көрсетсе, гір тасын көтеруде Бақытжан Советханов (Ақтау), Мәлік Ахметов (Шетпе), Оразалы Бектемірұлы (Қарақия) озық шықты. Қол күрестен Ерлан Алланбаев (Ақтау), Елдос Ризбаев (Мұнайлы), Дәрмен Мағжан (Құрық) жүлделі орындарға ие болды. Ал арқан тартыста Бостан ауылының командасы қарсыластарынан басым түсті.

Бұл мерейтой – ауыл тарихының терең тамыры мен бүгінгі ұрпақтың жалынды жігерін тоғыстырған тағылымды мереке болды. Мерекенің жоғары деңгейде өтуіне ауыл жастарының ұйымшылдығы мен ерен еңбегі айрықша үлес қосты. Олар бар ынта-жігерімен дайындық жұмыстарына атсалысып, туған жердің торқалы тойын өз күшімен жоғары деңгейде өткізді.

Ауыл жастарының қолдауымен дәстүрлі әнші Наркенже Серікбаева арнайы келіп, әуелете ән салып, думанды кештің көркін қыздырды. Бұл күн – Жыңғылды жастарының елге деген сүйіспеншілігі мен бірлігінің, ең бастысы, ұрпақ сабақтастығының айғағы болды. Жаңбырмен бірге келген береке мен бірліктің нұры бұл ауылда әлі ұзақ сақталары анық...

**М.ЖЕБЕҚЫЗЫ.**

АДАМ.ҚОҒАМ.ЗАҢ

АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АУДАНҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ АУЫЛДАРДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА» АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ.

# ӘР АУЫЛҒА ӘДІЛДІК ДӘНІ СЕБІЛДІ




Акцияның мақсаты — халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, әрбір азаматқа қолжетімді әрі уақытылы заң көмегін қамтамасыз ету.

Іс-шараға 70-ке жуық тұрғын қатысып, оларға еңбек, тұрғын үй және әлеуметтік мәселелер, сондай-ақ азаматтық, қылмыстық және әкімшілік салалар бойынша кеңестер мен түсіндірмелер берілді.

Азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған бұл жүйелі жұмысқа тұрғындар белсенділік танытып, көкейтесті сұрақтарын жолдады.

Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтардың өтініштеріне дер кезінде жауап беру және қолданыстағы заңнама талаптарын қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізу — аталған акцияның негізгі мақсаты.

Бүгінде тұрғындардан түсетін шағымдардың басым бөлігі алаяқтық оқиғаларына, сот шешімдерінің орындалу барысына, әкімшілік құқық бұзушылықтарға және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға қатысты. Осы түйткілді мәселелерді шешу мақсатында түрлі сала мамандары бір жерде бас қосып, тұрғындарға нақты жауаптар беріп, кеңес ұсынды.

Айта кетейік, кеңестер толығымен тегін, алдын ала жазылусыз және қарапайым әрі түсінікті форматта өткізілді. Ауыл тұрғындары осы мүмкіндікті пайдаланып, қолайлы жағдайда білікті заң көмегін алды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

## МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Ауданбаева Г.А. 2025 жылы 06 маусымда қайтыс болған **НУРГАЛИЕВ АЛПЫСБАЙДЫҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1 үй, 4 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

**Тел: 8 702 303 90 80**

*№ 462*

Нотариус Ауданбаева Г.А. 2025 жылы 24 маусымда қайтыс болған **ҚАРЖАУБАЕВ МАКСАТ КАРАБАЛАЕВИЧТІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1 үй, 4 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

**Тел: 8 702 303 90 80**

*№ 468*

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

**Бубетаев Марат Қайыровичтың** атына берілген мөрдің жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

**8 702 925 72 47**

*№ 463*

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тепке» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды: 2026 жылға арналған «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; 2026 жылға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», 2026 жылға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары»,

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°08'52", 54°47'26".

Тыңдаулар 2025 жыл 2 желтоқсан сағат 14:00-де өтеді.

¬Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайотес, мәдениет үйінде өтеді.

Платформа ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=81184474762

Конференция идентификаторы: 270 316 8932

Кіру коды: 96c0iG

Тұтынушы: «Тепке» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресева, 38. бөл.7, тел: 87014848005. БСН 100740003476

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ на 2026 год; «Программа управления отходами на 2026г.», «Программа производственного экологического контроля на 2026 г.», «План природоохранных мероприятий».

Географические координаты участка и географические координаты террито¬рии воздействия: 45°08'52", 54°47'26".

Слушания состоятся: 2 декабря 2025 года в 14:00 часов

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры

Платформа ZOOM:

https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=81184474762

Идентификатор конференции: 270 316 8932

Код доступа: 96c0iG

Заказчик: ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», Ақтөбе қ. Маресева, 38, бөл.7, тел: 87014848005. БИН 100740003476

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:

too_ record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на https://ndbecology.gov.kz, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

*№460*